**ҚАРАЛДЫ:**
Абай облысының білім басқармасы ММ «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы» КМҚК ғылыми-әдістемелік кеңесінің отырысы
« 17 » қаңтар 2024 ж.

**БЕКІТІЛДІ:**
Абай облысының білім басқармасы ММ «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы» КМҚК директоры
_________ С. Оспанова
«___» ____________ 2024 ж

**«Мектеп алды даярлық топтардың тәрбиеленушілері мен оастауыш саты оқушыларын логикалық және күрделілігі жоғары тапсырмаларды шешуге үйретудің тәсілдері» облыстық семинарын өткізу**
**ЕРЕЖЕСІ**

## 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже «Мектеп алды даярлық топтардың тәрбиеленушілері мен бастауыш саты оқушыларын логикалық және күрделілігі жоғары тапсырмаларды шешуге үйретудің тәсілдері» облыстық семинарын – (ары қарай – семинар) өткізудің мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды.
1.2. Өткізу мақсаты – мектеп алды даярлық топтардың тәрбиеленушілері мен бастауыш саты оқушыларының логикалық, күрделілігі жоғары тапсырмаларды шешуге қабілеттерін дамыту.
1.3. Семинардың міндеттері:
- мектеп алды даярлық топтардың тәрбиеленушілерін мен бастауыш саты оқушыларының дарындылығын айқындап, қабілетін дамытуда мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру;
- оларды шығармашылық белсенділікке ынталандыру;
- «қабілет» және «математикалық қабілет» ұғымы туралы түсінік қалыптастыру.

1.4. Семинарда құрастырушының әзірлеген күрделілігі жоғары олимпиадалық және логикалық тапсырмаларды шешудің жолдары талқыланып, дарынды тұлғаны қалыптастыру мәселелері қаралады.

## 2. Семинардың ұйымдастырушылары және қатысушылары

2.1. Іс-шараның ұйымдастырушылары:
- Абай облысының білім басқармасы «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы» КМҚК (ары қарай – «Дарын» орталығы).

2.2. Семинарға мектеп алды даярлық топтардың тәрбиешілері мен әдіскерлері, бастауыш сынып мұғалімдері, аудандық және қалалық білім беру бөлімдерінің әдіскерлері еңбек өтілдеріне, біліктілік санаттарына қарамастан қатыса алады. Семинарға әрбір аудан/қаладан мектеп алды даярлық топтардың тәрбиешілері, бастауыш сынып мұғалімдері мен әдіскерлері қатысуына шектеу қойылмайды. Семинарға қатысу: ақылы және ерікті.
Семинар қазақ, орыс тілдерінде және келесі екі бағыт бойынша өтеді:
- мектеп алды даярлық;
- бастауыш мектеп.

2.3. Семинардың өтетін орны қосымца хабарланады.
2.4. Семинарды өткізу мерзімі: 2024 жылдың 26 сәуірі, басталуы сағат 9.00.
2.5. Өткізу формасы: офлайн. Берілген тапсырысқа сәйкес әрбір қатысушының семинарға қатысуы талап етіледі.

## 3. Ұйымдастыру алқасы

3.1. Семинарды ұйымдастырып, өткізу үшін ұйымдастыру комитеті және сарапшылар кеңесі құрылады.
3.2. Ұйымдастыру комитетінің және сарапшылар кеңесінің құрамын іс-шараны ұйымдастырушылар бекітеді.
3.3. Ұйымдастыру комитеті семинарға дайындықты және өткізуді ұйымдастырады.
3.4. Семинарға қатысушылардың тізімін және талапқа сай материалдарды жинақтайды.
3.5. Тақырыптары және ресімдеуі талаптарға сәйкес келмейтін, құрастырылған тапсырмалардың өзіндік ерекшелігі 75 % - дан кем авторлық жұмыстар жариялaнымға қабылданбайды және қайтарылмайды. Редакциялық алқа авторлар келтірген ақпараттың дұрыстығына жауап бермейді.
3.6. Сараптамалық кеңестің сараптама нәтижесінің ұсынуымен үздік авторлық жұмыстар облыстық семинарда тәжірибе бөлісуге шақырылады.

3.7. Ұйымдастырушылар комитеті семинарды өткізудің бағдарламасын әзірлеп, бекітеді және қорытындысына талдау жүргізеді.
3.8. Бұқаралық ақпарат құралдарында семинардың қорытындысын жариялайды.
3.9. Семинардың нәтижесінде дарынды баланы қалыптастырып, оны дамытудың логикалық және күрделілігі жоғары тапсырмаларды шешудің тәсілдері бойынша әдістемелік жинақ әзірленеді.

## 4. Қатысу шарттары

4.1.Семинарға қатысу үшін ұйымдастыру комитетіне 2024 жылғы 22 сәуірден кешіктірмей, көрсетілген нысан бойынша тапсырысты (1,2-қосымша), жұмыстарды және төлемақыны төлегені туралы түбіртектің көшірмесін жіберуі тиіс.
*Ескерту: 2-қосымшаға сәйкес берілген тапсырыс, сараптау кеңесімен қаралады.*
4.2. Семинарға ұсынылатын материалдардың қатаң түрде 3-қосымшада көрсетілген талаптарға сай болуына назар аударылсын.
4.3. Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы: Абай облысы, Семей қаласы, Затаевич көшесі, 4 А.
E-mail: daryn.innovatsiya@mail.ru.

## 5. Қаржыландыру.

5.1. Семинардың қорытындысы бойынша барлық қатысушыларға сертификат электронды пошта арқылы жіберіледі.
5.3. Іс-тәжірибелерімен бөліскен педагогтер Алғыс хаттармен марапатталады.
5.4. Семинарға қатысу жарнасы 10000 теңгені құрайды.
Төлем жасау төмендегі реквизит бойынша жүзеге асырылады.
Реквизит: «Абай облысының білім басқармасы» ММ «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы» КМҚК.
БИН 221240039001
ИИК KZ 54601A261002052351
Наименование Банка: АО «Народный Банк Казахстан»
БИК Банка: HSBKKZKX
КБЕ 16
КНП 859

2) Kaspi.kz арқылы:
1) Kaspi.kz тіркелу; 2) «Төлемдер» бөлімі; 3) «Білім»; 4) «Қосымша білім беру»; 5)«Абай облысы ББ «Дарын орталығы» (Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 8); 6) қатысушының деректерін және төлем сомасын енгізу; 7)төлем әдісін таңдау (Kaspi Gold, Kaspi депозит, Kaspi әмиян, несие картасы); 8)төлем жасау.

*Орынд. Бохаева А.С.*
*Тел.87777082476*

*Қосымша 1*

**«Мектеп алды даярлық топтардың тәрбиеленушілерін және бастауыш саты оқушыларын логикалық және күрделілігі жоғары тапсырмаларды шешуге үйретудің тәсілдері» облыстық оқыту семинарына қатысу үшін тапсырыс**

| р/с | Аты-жөні | Аудан/ қала | Жұмыс орны, қызметі | Жұмыс өтілі, санаты | Бағыты | Тақырыбы | Электронды мекен жайы | Байланыс телефондары |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | |

*приложение 1*

**Заявка на участие в областном семинаре «Способы обучения воспитанников предшкольных подготовительных групп и учащихся начальной ступени решению логических задач и заданий повышенной сложности»**

| № | Ф.И.О. | Район/ город | Место работы и должность | Стаж работы/ категория | Направление | тема | Электронный адрес | Контактные телефоны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | |

*Қосымша 2*

**«Мектеп алды даярлық топтардың тәрбиеленушілерін және бастауыш саты оқушыларын логикалық және күрделілігі жоғары тапсырмаларды шешуге үйретудің тәсілдері» облыстық оқыту семинарында тәжірибе алмасуға тапсырыс**

| р/с | Аты-жөні | Бағыты | Тақырыбы | Оқыту тілі | Атқаратын қызметі жұмыс өтілі, санаты | Байланыс телефондары Электронды мекен жайы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

## Мақалаға қойылатын талаптар

Мақала көлемі 1,5-2 беттен аспауы тиіс. Негізгі мәтіннің шрифтісі – Times New Roman. Негізгі мәтін Word редакторында 14 шрифтпен теріледі. Интервал - 1 аралық. Стиль біркелкі болу үшін шрифтік бөлуді қолданбаңыз (курсив, сызу, т.б.). шеттері: Сол жағы 3 см, оң жағы – 1 см, жоғары және төменгі жағы – 1 см.

Азат жол – 1,25 см, жоларалық интервал – бір, мәтінді туралау - ені бойынша. Сөздердегі сызықшаларды алып тастау. Бет номерлері – араб цифрларымен, беттің төменгі жағында, ортасында қойылады.

Әдебиеттер тізіміне реттік номер қойылмайды, авторлардың фамилиясы, аты бойынша алфавиттік тәртіпте және қажетті библиографиялық мәліметтерден тұруы керек. Сілтемелер тік жақшамен көрсетіледі. – , // деген белгілер қойылмайды. Басылымның шыққан жері толық жазылады.

Графиктер, суреттер және фотосуреттер мәтіннен кейін бірден жазылады.

Иллюстрация келесі мәтіннен бос жолмен бөлінеді. Барлық иллюстрацияларға құжат мәтінінде сілтемелер жасалуы керек. Иллюстрацияларға араб цифрларымен номер қойылады. Иллюстрацияның астынан ортасына Сурет сөзінен кейін мазмұнын ашатын тақырып жазылады, нүкте қойылмайды. Шрифт – 14 (мысалы: 1-сурет – Персоналды басқару кезеңдері).

Мәтінде бір ғана сурет болса, номер қойылмайды.

Авторлар туралы мәлімет

Автордың аты-жөні жеке куәлігі бойынша, облыс, аудан/қала, ұйымның атауы, ғылыми дәрежесі, қызметі, электронды почта.

Мысалы: Ж.Е. Ахметова, Абай облысы, Бескарағай ауданының Әлихан Бөкейхан ат. ЖББМ мектеп алды даярлық сыныбының тәрбиешісі.E-mail:ahmetova@mail.ru

МАҚАЛА ҚҰРЫЛЫМЫ:

Мақала тақырыбы Times New Roman 14 шрифтімен бас әріптермен жазылады.

Мақаланың аңдатпасы (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде, әрбір тілде 45 сөзден аспауы тиіс )

Кілт сөздер (10 сөзге дейін) (үш тілде: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде).

Мақала алғы сөз, тапсырмалар және оны шешудің жолдары, қорытынды сөзден тұрады.

Соңында әдебиеттер тізімі жазылады.

Мысалы: Педагогика. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Алматы, 2004 – 412 б.